

# Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 01 (515) 15 қаңтар 2022 жыл



**БҮГІНГІ  
НӨМІРДЕ**

## МЕЗІ ҚЫЛҒАН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

Жұмыссыздық бүкіл әлемді жаулаған өзекті мәселе. Жұмыссыздық бұрын да болған, бола да береді. Дегенмен саны азайып, өз отандастарым өз жерімде еңбек етсе екен деген ұлы арманыммен өз ойымды аяқтаймын.

2 БЕТТЕ

## Үнгеуге үн қосу - азаматтық парызымыз

«Халық тығыз орналасқан өңірлердің жастарына мақсатты гранттар бөлуге ерекше назар аудару керек. Жаңа экономиканы құру үшін жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілетін арттыру маңызды», – деді Мемлекет басшысы.

4 БЕТТЕ

## КИНОНЫ ТЕАТРАН БӨЛІП АЛУ КЕРЕК

Біз қазақтың киносын театрдан бөліп алмайынша, жаңа стильдер пайда болуы мүмкін емес. Баяғы, жауыр болған актерларды түсіре береді, түсіре береді. Сериалдарда да солар алдыңнан шығады. Тек қазақтың ғана емес, дүниежүзінің кино өнерін құртып бара жатқан осы кәсіби актерлар деп ойлаймын. Кинода кәсіби актерлар болмауы керек.

8 БЕТТЕ

## «ҚАСИРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі

Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан, еліміз душар болған ауыр қасиреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – алдымызда тұрған өте маңызды міндет. Өкінішке қарай, бүгінде халық арасында осы оқиғаға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар тарап кеткенін көріп отырмыз. Мұның, әрине, бірнеше себептері бар: кейбір азаматтарымыз ахуалды егжей-тегжей білмей тұрып, қате пікірде болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ушықтырады. Бірақ, бізге керекті – тек ақиқат қана. Сол себепті, оқиғаларды мұқият зерттей отырып, айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар – бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар. Ашығын айтсақ, бұл бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Олардың көздегені – өздерінің қатігез пиғылдарын іске асыру болғаны айдан анық. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына жеке тоқталғым келеді. Бұған қатысты түрлі қауесеттің, әсіресе, шетелде тарап жатқан жаңсақ пікірдің алдын алу қажет. Бұл ұйым ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысады. Қазақстан – оның толыққанды құрылтайшысының бірі.

Осы ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келді. Оған жүктелген міндеттер нақты айқындалған. Бұл – стратегиялық нысандарды күзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету. Лаңкестерге қарсы операцияны толығымен Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде, солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берілген жоқ. Үшінші. **Қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету – біздің қасиетті борышымыз.** Бұл мәселе менің жіті бақылауымда болады. Тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрселермен қамтамасыз етеміз. Төртінші. **Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіру керек.** Толығымен қалыпты өмірге ораламыз. Қаржы жүйесі мен көлік саласының, азық-түлік жеткізу ісінің еш кедергісіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тапшылығын, бағаның негізсіз көтерілуін болдырмау маңызды. Үкімет комиссиясы өз жұмысын бастап кетті. Ол азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылай көмекпен қатар, кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынады. Атап айтқанда, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады.



Бесінші. **Еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажет.**

Біз сарбаздарды, әскери техника мен қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға аламыз. Мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек.

Көші-қон, соның ішінде ішкі көші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келді. Қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заң тұрғысынан реттеу қажет. Шұғыл түрде қираған ғимараттар мен арнаулы техниканы жөндеп, бейнебақылау жүйесін іске қосып, құқық қорғау органдарының қызметін қалпына келтіру керек.

Ең алдымен, еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажет. Экономикалық саясатымыздың мақсаты – айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни, бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен ғана байланыстыратын кәсіпкерлер. Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын.

(жалғасы 4-бетте)

## ЖЕТІСТІК ИЕЛЕРІ ЫНТАЛАНДЫРУ СЫЙАҚЫЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Ахмет Ясауи университетінде жаңа жыл қарсаңында ұжымның өткен жылдағы жетістіктері қорытындыланды. Нәтижесінде, өткен 2020-2021 оқу жылы қорытындысында жоғары рейтингтік көрсеткіштерге ие болған факультет декандары, кафедра меңгерушілері, ғылыми-зерттеу институты директоры 300 мың, 250 мың, 200 мың теңге мөлшерінде бір реттік қаржылай сыйақымен марапатталды. Олар: Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің деканы қызметін атқарған Момбекова Гулмира Райбекқызы, Жаратылыстану факультетінің деканы Баканов Ғалитдин Баканұлы, Спорт және Өнер факультетінің деканы Абусейтов Бекахмет Зайнидинұлы, Математика кафедрасының меңгерушісі Қошанова Майра Данибекқызы, Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі Ақназаров Серік Баянқұлұлы, Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы, Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры Жетібаев Көпжасар Мұстафаұлы.

Сонымен қатар, Ахмет Ясауи университетінің 2020-2021 оқу жылы қорытындысында жоғары рейтингтік көрсеткіштерге ие болған ТОП 100 ОПҚ мен қызметкерлер қаржылай сыйақымен ынталандырылды. Ғылыми-зерттеулер, академиялық және мәдени-тәрбие бағыттары бойынша үздік шыққан алғашқы жүз оқытушыларымыз 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап он ай бойы үстеме сыйақымен қаржыландырылды. Аталған оқытушылар рейтинг көрсеткіштері бойынша төрт деңгейге бөлініп, негізгі еңбек жалақыларына ай сайын 100 мың, 60 мың, 50 мың және 40 мың теңге мөлшерінде сыйақы қосылды.

Университеттің Стратегиялық жоспарында көзделген білім сапасын арттыру, халықаралық бәсекелестікке төзімді мамандар дайындау және ғылыми жұмыстар сапасын арттыру жөнінен қызметкерлердің потенциалын максималды сарқа пайдалану мақсатында, бұл рейтингте оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері жоғарыда аталған үш бағыт бойынша ескерілді. Оқытушылардың ішкі рейтинг көрсеткіштерін университеттің ip.aui.edu.kz ақпараттық базасы арқылы анықтауды Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы іске асырды, ал ынталандыру шараларына ұсыну университет басшылығы тарапынан құрылған ішкі рейтинг комиссиясы арқылы жүргізілді.

Баршаңызға шығармашылық жетістіктер мен оң нәтижелер тілейміз! Оқу ордамыздың ішкі және сыртқы рейтингтік көрсеткіштерін одан әрі арттыруға үлес қоса беріңіздер!

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы

## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



## Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ

## МЕЗІ ҚЫЛҒАН ЖҰМЫССЫЗДЫҚ

**Жұмыссыздық белең алған заман-ай,  
Қартым мейлі, жастарымнан обал-ай  
Қолдау беріп, жағдайын жасаса,  
Қашпас еді-ау, шет елдерге балаң-ай.**  
Гүлжан Болатқызы.

Иә, жұмыссыздық тақырыбы бүгінгі аз адамның ғана емес, көпшілік қалың жұрттың да өзекті мәселесіне айналғаны қашан? Осы тұста мынадай сұрақ мазалайды. Неге олай? Бұл тығырықтан шығудың жолы қандай? Бүгінге оралатын болсақ. Тәуелсіздік алып, еліміз тыныш, дініміз бүтін ғасырда өмір сүріп жатқалы қашан? Байлар байыған үстіне баюда, кедейлер өздер күнкөріп жүр. Жұмыссыздық әлемдегі орталық проблемалардың бірі болып табылады. Барлық жүргізілген статистикаға сүйенетін болсақ: жер бойынша да, байлық жағынан да өзге елдермен тең болатындай жағдайымыз бар, соған қарамастан, бізде кедейшілік пен жұмыссыздық басым. Бүкіл Еуропа көрерін көріп, сан ғасырлар бойы барлық пайдалы қоры таусылғаннан кейін ғана кедейліктің кейпін кешіп, жұмыссыздыққа бой алдыруда. Ал, бізге олай айтуға ешбір негіз жоқ деп ойлаймын өз басым.

Шүкір, тәуелсізбіз, бейбітпіз, байлық қорымыз да сан ғасырға жетерлік. Солай бола тұра, неге жұмыссыздар саны мен ақша артынан қуып, шекара асқан жастарымыз көп. Білім болса- жалақы аз, таныс болса - үйде жатып ақша табасың, жұмыс болса сапасыз, әйтеуір тұрақтылық пен тиянақтылық жоқ. Бесіктен белі шықпаған қандастарымыздың біраз бөлігі Оңтүстік Корея елінде ақша көп төлегені үшін ай былай тұрсын, жылдап отбасынан жырақта жүр. Нәпақаның соңынан ереміз деп, өзге елде қылмыс жасап, істі болғандар да көп. Ең сорақысы сол ақшаның арбауына түсіп, өзге елде тұрақтап өзге шаңырақтың түтінін тұтатып жүрген, ер-азаматтарымызды көріп, қарным ашады. Корея мемлекетінің өз халқына жұмыс азайып, жат-жұрттан келген жұмысшылар саны 5 млн астам адамды құрайды дейді бүгінгі статистика. Елден қуылған жастарымыз әлі де болса, елдегі жұмыссыздық тұрақталмағанын көріп, Мәскеу мен Чехия мемлекеттеріне судай ағылып жатыр дейді интернет желісі. Жыл сайынғы есеп қайда қалды? Осыдан бір жыл бұрын Корея мемлекетінде жұмыс жасап жүріп қаза тапқан қазақ жігіті бәріміздің есімізде. Отбасын асыраймын деп, еліміздің жастарға қараған салғырттығының әсерінен дйттеген мақсатына жете алмай сол мемлекетте қаза тапты. Осы жағдай еске түссе өзегім өксікпен өртенеді. Шенеуліктердің халықты жұмыспен қамтудамаз деген қуанышты мәліметі жиналыстан шыға сала таусыла ма? әйтеуір еш өзгеріс жоқ....

Жастар елдің болашағы, бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторы екені анық, бірақ жұмыссыз жастар болашақта үлкен мәселеге айналуы ықтимал.

KZ TODAY ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі 2021 жылдың тамыз айында жүргізген стати-

стикасына сүйенсек жұмыссыздық деңгейі елімізде 4,9% -ды құрады, ал, жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 222,6 мың адамды құрап отыр. Бұл тек статистикалық есептеудің тіркеген ақпараты ғана. Заңсыз, тіркелусіз жүргендерді айтпаған жағдайдың өзі осы. Қазақстандағы жұмыссыздықтың басты екі себептері: ғылыми-техникалық прогресс пен сыртқы экономикалық бәсекелестің күшеюі болып отыр. Осы орайда, мемлекет басшысының 2030 жылға дейінгі жұмыссыздықпен күресу жолында жасалған әр түрлі стратегиялық бағдарламалары қолға алынып, жұмыс жүргізілуде. Оңтайлы нәтиже берген аймақ, Оңтүстік жұртшылығы. Ел экономикасын көтеруде, халықтың басым көпшілігі еңбек етіп, жұмыспен қамтылып, отандық өнімнің түр-түрін өңдеуді қолға алу жағынан Түркістан облысы көш бастап тұр. Облыс жаста-



ры шаруаның кез-келген түріне бейім, пысық болғандықтан жұмыстың көзін қиындықсыз табуда. Шикізат пен жеміс-жидекті өндіріп, экономикамен қатар жұмыссыздар санын мейлінше азайтқан.

Ал, осындай мәселелер мен мәліметтерді ой-елегінен өткізіп, көзін табуға әрекет жасайтын біз ғана емес. Көп түкірсе, көл демекші, сіз болып, біз болып, еңбек етейік. Үрімдей ұрпақтарымыз өзге елде тентіремейтіндей жағдайды бірлесе шешейік. Жұмыссыздық бүкіл әлемді жаулаған өзекті мәселе. Жұмыссыздық болған да, бола да береді, дегенмен саны азайып, өз отандасым, өз жерімде еңбек етсе екен деген ұлы арманыммен өз ойымды аяқтағым келеді.

**Гүлжан ТӘЖЕНОВА,**  
3-курс студенті

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ-ТАБЫС КӨЗІ

**Қазіргі таңда ғаламтор – ғаламат бизнестің көзіне айналды. Әлеуметтік желіден пайда тауып, өз ісін дөңгелетіп жатқандар жетерлік. Интернетте түрлі жолмен ақша табуға болады.**

Қазіргі заман – контент заманы. Ақпаратты қолданушылардың көп болғаны ақпараттық бизнестің дамуына ықпал жасайды. Сауда-саттық та электронды түрде жүзеге асырыла бастады. Мәселен, сіз өз тауарыңызды сатқыңыз келді делік. Сайт жасау арқылы қажетті сатылым тауарын онлайн түрде сатылымға қойыңыз. Әрине, әуелі тауарды өзіңіз арзанырақ бағамен сатып алатын жеріңіз болуы керек. Бүгінде ғаламтордағы табыс көзі ретінде -фрилансерлік қызметте танымал. Freelancer.com деген сайтта фрилансерлерге арналған әртүрлі мазмұндағы тапсырмалар бар. Әртүрлі программа жазу керек болады. Олардың құны оңай-қиындығына байланысты.

Әлеуметтік желі туралы ақпараттарға сүйеніп өтсек, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі медиа-саланы зерттейтін ресейлік Brand Analytics компаниясына сараптамаға тапсырыс берген екен. Зерттеу қорытындысы бойынша "ВКонтакте" әлеуметтік желісі көш бастап тұр. Павел Дуров негізін қалаған желінің Қазақстанда 1 781 760 қолданушысы бар екен. Ал 1 008 360 адам тіркелген Instagram екінші сатыға жайғасты. Үздік үштікті "Мой Мир" түйіндеп тұр. Ал Facebook желісіне 413 026 адам тіркелсе, Twitter-ге бар болғаны 27 776 адам кіреді екен.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, қазақстандықтардың тек 10,6 проценті ғана ешбір әлеуметтік желіге тіркелмеген. Ал желі қолданушылардың сүйікті ісі - өзге қолданушылардың посттарына пікір қалдыру (24,81%). Екінші орында жаңа таныстар табу (21,9%). 12,44 проценті әр түрлі сауалнамаларға қатысады екен.

Әлеуметтік желілерде, форумдар мен блогтарда қойылған ақпаратқа халықтың тек 16,54 проценті ғана толықтай сенеді. Ал 65,28 процент адам тек кейде, ақпаратты тексергенде ғана сенетінін айтқан. 12,22% адам болса сенбейтінін жеткізген. (Дереккөз: <https://massaget.kz/layfstayl/tehno/58402/>)

Әлеуметтік желідегі табыс көздерін атап өтсек, сайт жасау-интернет арқылы ақша табудың ең көп кездесетін қызметі болып табылады. Ең бастысы – сайттың және сол сайттағы мәліметтерді пайдаланатын адамдардың болуы. Сайт жасаушылар өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді: біреулер ақпаратты салып отырады, біреулер техника жөнінен жауап береді, біреулер дизайнға, скриптке жауапты болады. Осы салада жүрген университетіміздің түлегі сайт жасаушы Ақарыс Әлиасқар: "Осы салада жүргеніме 3 жылдан аса уақыт болды. Айына тапсырыстарға байланысты әртүрлі қаржы көлемінде табыс табамыз. Мен көбіне онлайн курсқа арналған платформа, ақпараттық портал және бизнес сайттар жасаймын. Жұмыс жасау барысында кодпен және дайын конструктормен жұмыс жасаймын." - дейді. Егер бизнеспен айналысатын болсаңыз сізге сайт өз сайтыңыз қажет болады. Өзіңіздің тауарыңыз немесе көрсететін қызметіңіз туралы ақпаратты сайтыңызға орналастырып табысыңызды арттырасыз. Тұтынушылар сізді сайтыңыз арқылы тауып алу үшін, сайтта сізбен байланыс орнату ақпараттары міндетті түрде орналасуы керек.

Ғаламторлық кәсіптің тағы бір әдісі – блог жүргізіп, жарнамалардан ақша табу. Егер сіз белгілі бір қызықты тақырыпта ақпарат беріп, мақала жаза алатын болсаңыз, сол тақырыпты талқыға салатын кісілерден құралған аудитория жинайсыз. Оқырмандарыңыз көп болған сайын сол тақырыпқа

жақын тауарлары мен қызметтері бар компаниялар сіздің блогыңызға жарнама ілуге тапсырыс берер еді. Оқырмандар саны көбейген сайын әлеуметтік желінің қызмет аясы кеңейіп, оны түрлі мақсатта пайдалану жолдары қалыптасуда. Бүгінде ақпарат тарату үдерісін толықтай меншіктеп алған желілердің жарнама таратуда да бәсі жоғары. Заң аясында жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп салық төлеуге, иә болмаса көрсетілген табыстың 10 пайызын салыққа төлеуге тиіс.

Желі арқылы табыс табудың тағы бір жолы қазір кеңінен қолданылып жүрген термин, саланың бірі- SMM. Бұл- әлеуметтік желі арқылы танымал болу, компания не сайтты таныту, өз ақпаратыңды тарату әрі тұтынушылармен тікелей қарым-қатынасқа шығу деп түсіндіріледі.

Осы салада жүрген студент болса да табыс тауып үлгерген Ардақ Ашетоладан бұл жұмыс туралы кеңірек айтуын сұрадық. «2 жылға жуық уақытым осы саланы зерттеумен өтті. Дегенмен, қазір сол еңбектің жемісін көріп жүрмін. Бұл сырт көзге оңай көрінгенмен, жауапкершілікті талап етеді. Креативті ойлау да басты назарда болады. Жұмысым өзіме ұнайды. Бұл жалықтырмайды. SMM жүргізу 1 күннің немесе 1 айдың жұмысы емес, кемінде 6 ай немесе 1 жылдық стратегия жасалады. Қазір өз мамандығымды меңгерумен қатар осы саланың үздігі болуға талпынып жүрмін» дейді. Ал, SMM-маман болу үшін қандай дағдыға ие болу керек, деген сұрағымызға


«Мәтінмен жұмыс істей алу қажет – сауатты жазып, сатушы мәтіндер жасау, сайт, жеке блог жүргізу, көркем әдебиет оқу, интернеттегі контенттің ерекшеліктерін білу керек» деп жауап берді.

Қазір ғаламтор жарнама берудің тұрақты түріне айналды. Әсіресе, жастардың көбіне қызмет түрін іздеу мен ұсыну кезінде әлеуметтік желілерді қолдану ыңғайлырақ. Ал, енді құрғақ сөзбен желіні жарып, табыс көзін үйренемін деп сан соғып қалғандар да баршылық.

Соның бірі- Кентау қаласының тұрғыны, студент Жамалбек Айбота. Оның пікірінше, «Үйде отырып-ақ табыс табуды үйретемін. Тек ғаламторға екі-үш сағат уақытыңды арнау арқылы табыс табасың.» -деп адамның қызығушылығын ұшырып әкететіндер бар. Біраз курстарды алып, табыс таппақ түгілі, өз қаражатымды қайтара да алмаған кезім болды. Көпшіліктің көңілінен шығып, өз жұмысын керемет етіп әспеттеп жарнамалайтынның бәріне сене бермеу қажет екендігін түсіндім. Студент болған соң, қалта көтеретін курстар мен табыс табуды үйрететін мамандардан кеңес алу үшін қаражат жинайтынмын. Осы жылдың басындағы сәтсіздігім- жалған кәсіпкерлерге тап болып, өзімнің осы жолда құрбан болғаным. Сенімді өз ісінің маманы болған адамдар да жетерлік. Дегенмен, әттеген-айлатып қоятындары да бар. Бұл жасөспірімдер үшін психика-әлеуметтік жағынан соққы сияқты. Қазір анық қанығына жетіп барып қана табыс табуды үйрендім. Бірақ осы жолмен биіктеп, өсуді емес алданбауды мақсат еттім.» -дейді ол.

Қорытындылай келе, әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, пайдаға жаратқанымыз абзал. Бүкіләлемді байланыстырушы тор ғаламторда пайда тапқанның әбестігі жоқ. Тек кереғар тұсын ескеріп, артық етем деп тыртық қылмауды да ойлануымыз қажет!

**Сандуғаш БЕКТҰРОВА,**  
3-курс студенті



## ЕЛБАСЫ ҮНДЕУІ

## «ҚАСИРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

(Соңы.Басы 1-бетте)

Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы заңның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет. Әділ бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа айналуға тиіс. Бүгінде бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында картельді келісімдер жасасу кеңінен тарап кетті. Мысалы, Мен былтыр фармацевтика нарығындағы картельді ретке келтіруді тапсырдым. Бірақ, кейбіреулер заңнамадағы кемшіліктерді желеу етіп, бұл жұмысты аяқсыз қалдыруға тырысуда. Сондықтан, картельді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды тексеруге тыйым салу туралы мораторийдің күшін жоюды тапсырамын. Келесі мәселе. Жылдан жылға біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз жанар-жағар май өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті, жанар-жағар май бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз. Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Егер бұл жұмыс бір жолға қойылмаса, жанар-жағар май бағасын реттеу жүйесі сақталады. Келесі мәселе – «Самұрық-Қазына» қоры қызметінің тиімділігі. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни, осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың КЕГӨК, Қазақгаз және Қазақстан темір жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды. Осы тұста, қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни ұлттық байлықты еселей алды ма деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан, Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн. Экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты. Бірақ, жекешелендіру жүйелі және ашық жүргізіліп жатқан жоқ. Атап айтқанда, бәсекелестік ортаға берілуге тиіс активтерді іріктеу тәсілдері айқындалмаған. Оны шұғыл әзірлеу қажет. Үкіметке Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, тиісті Мемлекеттік комиссияның жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Экономиканы әртараптандыру – күрделі міндет. Әртараптандыру болмаса, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкін емес. Бұл жұмыстың басты бағыты – өңдеу өнеркәсібін дамыту. Дегенмен, ел экономикасындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі айтарлықтай өсті деп айтуға келмейді. Біз әлі күнге дейін бірқатар өнім түрінен импортқа тәуелдіміз. Жыл өткен сайын еліміздің төлем балансында өткір тапшылық байқалуда. Алюминийден, мыстан жасалған дайын бұйымдар және машина жасау саласына қажетті жабдықтар әлі күнге дейін шетелден әкелінеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша тек мұнай-газ және тау-кен машина жасау саласының импорты 4 миллиард доллардан асты. Әлде еліміздегі кейбір адамдар ахуалдың дәл осындай күйде болуына мүдделі ме? Үкімет бүкіл өнеркәсіп саласына терең талдау жұмысын жүргізуге тиіс.

Шикізат қорын, құзіреттері мен экономикалық тиімділікті ескере отырып, бәсекеге қабілетті секторларды анықтау керек. Жүргізілген талдаудың негізінде нақты жобаларды әзірлеп, инвесторларды тарту қажет. Бұл – Үкіметтің жаңа құрамының алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде қуаңшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жем-шөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша биыл да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс. Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі. Мен бұған дейін субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма берген болатынмын. Бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс. Біз субсидия алуды жеңілдетуге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз. Жуырда болған заң бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу маңызды. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен өкімдердің алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы ұлттық экономиканы одан әрі дамытудың кепілі екені белгілі. Экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артты. Оның мөлшері бизнесті несиелеу көлемінен асып кетті. Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін. Үкімет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуді бастады. Бірақ, бұл тығырықтан шығатын жол емес. Ең алдымен, шектен тыс қарыздың көбеюін болдырмау қажет. Сондықтан, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық банкпен бірлесіп, пруденциалды реттеу тетіктері арқылы нақты әрі жедел шешім қабылдауды тапсырамын. Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар. Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек. Біз – мықты халықпыз. Төл тарихымызда талай жаугершілік заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік. Соңғы күндердегі қайғылы оқиғалар біз үшін тағы бір сынақ болды. Оны еңсеріп, бұрынғыдан да мықты боламыз. Қадірлі отандастар! Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін! Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық!

**Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі**

## Үндеуге үн қосу-азаматтық парызымыз

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшылығы, қызметкерлері мен студенттері Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысындағы халыққа үндеуін тікелей эфирде тыңдады.**

Соңғы күндерде елімізде орын алған тәртіпсіздіктерден кейінгі Президенттің бұл үндеуінің тарихи маңызы өте зор. Халыққа арналған сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жаңа саяси реформалар жасалатынын атап өтті.

Президент білім саласындағы өзекті мәселелерге де назар аударды.

“Бәріміз білімге деген көзқарасымызды өзгертуіміз керек. Гуманитарлық мамандықтарға құмарлықтың заманы өтті. Техникалық мамандықтарға басымдық беру керек.

Халық тығыз орналасқан өңірлердің жастарына мақсатты гранттар бөлуге ерекше назар аудару керек. Жаңа экономиканы құру үшін жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілетін арттыру маңызды”, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің үндеуінде айтқан мәселелерді университет ұжымы мен студенттер құптап, жиын соңында өзара пікір алмасты.



Елдегі болып жатқан жағдайға байланысты оқу ордамыздың бірқатар оқытушы-профессорлары өзіндік ой-пікірлерін білдіріп, үн қатқан екен. Назарларыңызға ұсынамыз!

## ҰЙҚЫМЫЗ ТЫНЫШ БОЛСЫН!

Құдайдан үміті жоқ сойқанды содырлардың бейбіт елімізде ойран салып, мемлекет қарауындағы бірқатар жылжымайтын мүліктерге өрт қойып, жиһаздарын бүлдіріп, қымбат техникалық қондырғыларын ашкөздікпен тонап, қалғанын қиратып, орасан зор шығын келтіріп отырғаны, басқа-басқа, Тәуелсіздіктің тәтті дәмін білетін біздерді - Желтоқсан қаһармандарының қабырғасын қатты қайыстырып отыр. Зайырлы мемлекетте кез келген мәселені көшеге топталып шықпай-ақ, конструктивті жолмен заң аясында шешуге болатынын түсінетін уақыт жетті емес пе?

Түн жорытып жүрген өрімдей жастардың ата-аналары өз баласына алаңдап, "сен қайда жүрсің?" деп сұрамайтынына таң қаламын! Осының салдарынан еліміздің бірнеше қалаларында ата-ана қарауынсыз қалған жастар араңдатушы топтың жетегіне ілесіп, вандализмге жол берді, ғимараттарды өртеп, бейбіт тұрғындар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін ұрып-соғушылар қатарынан көрінді, жедел-жәрдем қызметіне кедергі келтіріп, коммерциялық мекемелерді тонады, бүлікшілер тарапынан ұйымдастырылған ішімдік, қару-жарақ тарату тобына ілесті.

Ойланбай жасалған осындай бұзақылықтың салдары еліміздің өсіп-өркендеуіне біраз уақытқа дейін кедергісін келтіретіні даусыз.

Өзге өңірлер сияқты, Түркістан облысында да 2022 жылдың 05 қаңтарынан бастап төтенше жағдай енгізілді. Енді түнгі сағат 23.00-ден таңғы сағат 07.00-ге дейін көшелерде халықтың, әсіресе, жастардың бей-берекет жүруіне тыйым салынып отыр. Бұл үйде отырып әрбір әрекетімізге есеп беретін, елдегі жағдайды ой елегінен өткізіп сабырға шақыратын тыншу уақыты.

Қалыптасқан жағдайға байланысты сіздерден еліміздің Президенті қабылдап жатқан қатаң әрі оң шешімдерге түсіністікпен қарап, көршілеріңізді, тума-туыстарыңызды, құрбы-достарыңызды сабырға шақырып, өзіңіздің де, балаңыздың да сыртқа себепсіз шығудан сақтанғанын қалаған болар едік! Әлеуметтік желілерге, ватсапқа, инстаграмға тұтастығымызға сызат түсіретін жазбаларды салудан да сақтанған

жөн! "Диван жазғыштар" әрбір деструктивті пікірдің тыныштығымызға қаншалықты зардап әкелетінін ойланғаны абзал.

Түркістан қаласы енді ғана гүлденіп-түрленіп келеді. Қаншама зәулім үйлер бой көтеріп, көшеміз абаттана бастады. Жаңа мәдениет ошақтары пайда



болды. Енді сол атқарып жатқан игі істерімізді, жеткен жетістіктерімізді қолдан бүлдіріп алмайық, ағайын!

Тәуелсіздігімізге қол сұғамын, ел іргесін бүлдіремін дегендерге айтарымыз - біз бірлігі жарасқан көпұлтты азат елміз! Тұтастығымызға ешкім де сына қаға алмайды!

Себебі, біз:

Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзаға үкі таққан елміз...

Әрбір тұрғынның амандығы мен саулығы мемлекет үшін маңызды!

**Бекжігіт СЕРДӘЛІ**

## БІРЛІК ПЕН ЕЛДІГІМІЗДІ САҚТАЙЫҚ!

Құрметті отандастар, 30 жылда қалыптасқан мемлекеттік жүйенің саяси, экономикалық, әлеуметтік салалардағы осал тұстарын көшегі шерулер айқындап берді. Ел азаматтарының өз құқықтарын бейбіт жолмен қорғауы кез-келген демократиялық қоғамның атрибуты. Ең өкініштісі осы бейбіт мақсаттағы халық шеруін қылмыстық топтардың өзінің экстремистік пиғылдарына пайдаланып кетуі болып отыр. Нәтижесінде қаншама отбасы қайғы жұтып, қара жамылды, кәсіпкерлер орасан шығындарға батты. Қарапайым халықтың игі талаптарын басқа арнаға бұрып, мемлекетіміздің іргесін шайқауға ұмтылатындар - еліміз үшін үлкен қауіп екендігі айқын білінді. Болашақта мұны ұмытпау керек. Сондықтан, елдің ынтымағы мен татулығын бұзғысы келетіндердің араңдатуына ермей елдігімізді сақтайық. Дәл қазіргі сәтте еліміздің болашағы сіз бен біздің қолымызда. Көңілімізді күпті етіп отырған ОДКБ ұйымының бітімгершілік әскерінің елімізге енгізілуі де шарасыздықтан туындаған шешім сияқты. Елордадағы жоғарғы шенділердің қамауға алынуы соның дәлелі.

Ағайындар, сын сағатта ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айналасына топтасып, бірлігімізді көрсетейік. Билік тарапынан елді тұрақтандыру іс-шаралары қолға алынды. Бейбіт шерулерде көтерілген мәселелер шешімін табады деп сенеміз. Тұрғылықты жерлеріміздегі көрші-қолаң мен туған-туыстарымызды сабырға шақырып, еліміздегі тыныштық ең алдымен өзімізге керек екендігін түсіндірейік. Бұл Сіз бен Біздің ортақ мүддеміз. Ел бірлігінің тұтастығы бәріміз үшін ортақ жауапкершілік.

**Алтынбек КЕНЖАЛИЕВ**

## «БІРЛІГІ ЖОҚ ЕЛ ТОЗАДЫ, БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ»

Қазақстан – көпұлтты, унитарлы, тәуелсіз мемлекет. Әлем таныған Отанымызда жүз отыз ұлт пен ұлыс өкілдері бір үйдің баласындай достық пен татулықта, жарасымды өмір сүріп келеді. Ел бірлігі, халықтар достығы, татулық - еліміздің ынтымақта өсіп дамуының басты қағидаттары.

Осы орайда, еліміздің сүттей ұйыған бірлігі мен татулығына нұқсан келмеуі тиіс. Сондықтан да оған еліміздің әрбір елжанды азаматы өз үлесін

қосып, қол жеткізген ынтымақ пен татулықтың іргесі сөгілмесі үшін күреске дайын болуы міндетті. Сан ғасырлар бойы ата-балаларымыз білектің күші, найзаның ұшымен қорғап келген еліміз бен ұлан байтақ жеріміздің, бүгінгі Тәуелсіздігіміздің беріктігін сақтау әрбір қазаққа тарих берген аманат деп санаймын.

Халықтың мұң-мұқтажын, талабын билік басындағы мемлекет басшылары естіді, Үкімет өз тарапынан тиісті жұмыстарды атқаруда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бүгінгі Парламент Мәжілісінің отырысында өзінің баяндамасында Қазақ қоғамындағы барлық баскөтерулер мен наразылықтардың себеп-салдарын талдап «қасиетті қаңтар» айында болған оқиғаларға өз бағасын берді. Сондай-ақ аталмыш оқиғадағы қателіктер мен қиындықтарды атап айтып, тығырықтан шығатын жолды нақты көрсетіп берді. Президенттің ұсынысымен тағайындалған Әлихан Смайылов басшылық жасайтын жаңа Үкіметке үш апта ішінде Жаңа Қазақстанның даму жоспарын жасауды қатаң тапсырды. Қоғамымыздағы экономикалық даму мен халықтың тұрмысына тікелей кедергісі тиіп келген әлеуметтік өмірдегі олқылықтар мен кемшіліктерді ашып көрсетіп, мемлекеттік басқару аппараттарындағы жемқорлық, бюрократия, кезбояушылық пен немқұрайлықты сияқты жетістіксіз жататын қасиеттерге ерекше тоқталды. Алдағы уақытта құнды жетістігіміз - саяси тұрақтылығымызды көздің қарашығындай сақтай отырып, аз уақытта жоғарыда аталған кемшіліктерімізді жеңіп, ел дамуында еңселі жетістіктерге қол жеткізуіміз қажет.

Бұл жолда бейбіт елімізде ойран салып, мемлекет қарауындағы бірқатар жылжымайтын мүліктерге өрт қойып, жиһаздарын бүлдіріп, қымбат техникалық қондырғыларды қиратып, орасан зор шығын келтіріп отырған содырлардың әрекетіне баға беріп, қалыптасқан жағдайға байланысты еліміздің Президенті қабылдап жатқан қатаң әрі оң шешімдерге тума-туыс, көршілерімізді, құрбы-достарымызды бірлік пен ынтымаққа шақыруда белсенділік көрсеткеніміз абзал.

**Үсенбек РАХМЕТҰЛЫ**



## УНИВЕРСИТЕТ

**«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ ТҮРКІСТАНДЫ ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ОРТАҚ БІЛІМ ШАҢЫРАҒЫНА АЙНАЛДЫРАДЫ».**

**Н. Ә. Назарбаев**

## СЕРІК ЖАЙЛАУҰЛЫ - 70 ЖАСТА!



Жуырда ұлағатты ұстаз, білікті басшы Серік Жайлауұлы Пірәлиев мерейлі 70 жасқа толды! Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серік Жайлауұлы Пірәлиев Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне 2003-2007 жылдар аралығында басшылық жасады.

Серік Жайлауұлы Пірәлиев – саналы ғұмырын білім-ғылым саласына арнаған қабырғалы қайраткер. Көптеген талантты шәкірт баулып, томағасын сыпырған ұлағатты ұстаз. Еліміздің бірнеше іргелі оқу орнына басшылық жасаған білікті басшы. Серік Жайлауұлы Халықаралық университетімізге басшы болған кезең – қара шаңырақ оқу орнымыз тарихының кемел кезеңдерінің бірі саналады. Серік Жайлауұлы университет президенті болған жылдарда студенттеріміздің саны жиырма жеті мыңнан асты. Ол кісі Халықаралық оқу орнымыздың сан-салалы әлеуетін арттырып, қарқынды дамуына айрықша үлес қосты. Қазіргі таңда Серік Жайлауұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде елдік мәселелерге етене араласып келеді. Педагог ретіндегі бай тәжірибесі мен өнегесін жас ұрпаққа сіңіру бағытында еселі еңбек етуде.

Мәртебелі Серік Жайлауұлын мерейлі 70 жасымен шын жүректен құттықтап, қажырлы қайрат, ұзақ ғұмыр тілейміз!

Университет ұжымы



## ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЕН БАЙЛАНЫС КҮШЕЙМЕК

Университетіміздің ректоры Жанар Амангелдіқызы және Ректор Өкілі Женгиз Томар Түркістан облыстық Жастар ресурстық орталығына барып, ондағы жұмыстармен танысты.

Кездесу барысында жастарға қатысты біраз мәселерлер сөз болып, алдағы уақытта бірлесе жүзеге асыратын жобалар жайы да талқыланды.

Оның ішінде:  
Мүмкіндігі шектеулі жастарға қолдау көрсету.  
Нақтырақ айтқанда, белгілі бір салаға машықтандыру мақсатында курстар ұйымдастыру;  
Neet және жұмыссыз жастар санын азайту және оларға арналған бағдарламалар әзірлеу;

ЖОО оқытушыларымен бірлесіп жастарға және жас қызметкерлерге арналған семинар-тренингтер өткізу;

Екі жақ бірлесе отырып, жастарды жан-жақты дамытатын курстар әзірлеу;

Облысымыздың талантты жастарын қолдау;

Аудан, қала психологтарын оқыту секілді мәселелер бар.



## БАУЫРЛАС ЕЛ - ТІЛЕКТЕС НИЕТТЕ



Бауырлас Түркия Республикасының зиялы қауым өкілдері Қазақстандағы жағдайға алаңдап, қолдап-қуаттаған тілектерін білдіруде. Зиялы қауым өкілдерінің бір тобы Түркиядағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Абзал Сапарбекұлымен кездесіп, күрделі кезеңде Қазақстан халқымен бірге екендіктерін жеткізді.

Елшімен жүздескен қазақ-түрік ынтымақтастығына айрықша үлес қосып жүрген тұлғалар қатарында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің 2008-2015 жылдардағы Төрағасы, профессор Осман Хората, «Түркі Мемлекеттері Ұйымы» Ақсақалдар Кеңесінің бұрынғы Төрағасы, университет Өкілетті Кеңесінің мүшесі ретінде оқу орнымыздың дамуына үлкен үлес қосқан қайраткер Мұстафа Исен, университетімізде ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен профессор Махир Накип және оқу орнымызда қызмет атқарған әдебиет-мәдениет майталманы, доктор Якуп Өмероглу сынды азаматтар болды.

Кездесуде зиялы азаматтар тамырлас Қазақстан халқына қолдау білдіріп, лебіз кітабына игі тілектерін жазды.



## Ahmet Yesevi Üniversitesinde “Türkçenin Yabancı Dil Olarak Öğretiminde Dil Bilgisi” Semineri Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Okulu Türkçe Öğretimi Seminerleri kapsamında düzenlenen programda Yunus Emre Enstitüsü Türkçe Öğretimi ve Türkoloji Müdürü Prof. Dr. Yavuz Kartallıoğlu “Türkçenin Yabancı Dil Olarak Öğretiminde Dil Bilgisi” başlıklı sunumuyla söz aldı.

28 Aralık 2021 tarihinde çevrim içi olarak gerçekleştirilen programda Prof. Dr. Yavuz Kartallıoğlu, yabancı dil olarak Türkçe öğretimi için hazırlanan kitaplarda yer alan dil bilgisi konularına ve malzemelerine değindi. Prof. Dr. Kartallıoğlu, yabancılara Türkçe öğretiminde kullanılan kitaplar arasındaki farklılıklardan bahsederek dil bilgisi öğretiminde dikkat edilmesi gereken kurallara ve bu kuralların öğretim yöntemlerine vurgu yaptı.

Prof. Dr. Kartallıoğlu programda, dil bilgisi konularının öğretim sıralaması hakkında önemli noktalara değinerek bu konularda yapılan öğretici hataları ve çözüm yolları hakkında detaylı bilgi verdi.

Seminer programı, soru cevap bölümü ve konuşmacıya teşekkür belgesinin takdiminin ardından sona erdi.

## TÜRKSOY “ULUSLARARASI KAZAK TARİHİ, KÜLTÜRÜ VE DİLİ KONGRESİ”NE EV SAHIPLIĞI YAPTI

Uluslararası Türk Kültürü Teşkilatı, Kazakistan’ın Ankara Büyükelçiliği, İktisadi Kalkınma ve Sosyal Araştırmalar Enstitüsü, “New Era” Sosyal Bilimler Araştırmaları Dergisi iş birliğinde, Kazakistan Cumhuriyeti’nin bağımsızlığının 30. yılına ithafen 27 Aralık 2021 tarihinde “Uluslararası Kazak Tarihi, Kültürü ve Dili Kongresi” düzenlendi.

Türkiye ve Kazakistan’dan çok sayıda üniversite, araştırma merkezi ve kuruluşun katılımıyla gerçekleşen kongrenin açış konuşmalarını Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Kazakistan Cumhuriyeti Ankara Büyükelçisi Abzal Saparbekuli, Kahramanmaraş Sütçü İmam



Üniversitesi’nden Prof. Dr. Orhan Doğan ve TÜRKSOY Kazakistan Ülke Temsilcisi Bakıtcın Omarov yaptı.

Kongrede; Kazakistan’ın bağımsızlığının elde edilmesiyle birlikte yaşanan olaylar, ulaşılan gelişim düzeyi, başarılar ve bağımsızlık uğrunda yapılan mücadele konuları değerlendirildi. Bu süreçte tarih, kültürel miras ve dile sahip çıkma

bilinciyle hareket edildiği, ülkenin siyasi, ekonomik ve uluslararası düzeyde önemli kazanımlar elde ettiği vurgulandı.

Bağımsızlığın ilk dakikalarından itibaren Türkiye Cumhuriyeti’nin bütün devlet kurumlarıyla birlikte kardeş Kazakistan’ın bağımsızlığını desteklediği ve ilk tanıyan ülke olduğunun vurgulandığı konuşmalarda, TÜRKSOY, TDT, TürkPA, Türk Akademisi, Türk Kültür ve Miras Vakfı gibi kuruluşların yanında Ahmet Yesevi Üniversitesinin çalışmalarıyla Kazakistan ile Türk Dünyası arasında iş birliği ve dayanışmaya sundukları katkı belirtildi.

Bilimsel bildirilerin sunumunun ardından Kazakistanlı sanatçıların konseriyle devam eden kongre, çevrim içi sunumlar ile ikinci gününde tamamlanacak.

## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANLIĞINDAN KAZAKISTAN BÜYÜKELÇİLİĞİNE TAZİYE ZİYARETİ



Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanımız Prof. Dr. Muhittin Şimşek, Üniversitemiz Mütevelli Heyet Üyesi, T.C. Kültür ve Turizm Bakan Yardımcısı Dr. Serdar Çam ile birlikte Kazakistan’ın Ankara Büyükelçisi Abzal Saparbekuly’ya taziye ziyaretinde bulunarak kardeş Kazakistan’ın bu badireyi salimen atlatacağına inandıklarını ifade ettiler.

## GÜNEY KAZAKISTAN DEVLET PEDAGOJİ ÜNİVERSİTESİ REKTÖRÜ AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ MÜTEVELLİ HEYET BAŞKANINI ZİYARET ETTI

Güney Kazakistan Devlet Pedagoji Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Gulzhan Sugirbayeva, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Muhittin Şimşek’i ziyaret etti.

Görüşmede iki üniversite arasındaki iş birliği hususları değerlendirildi.

## AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ İLE FENERBAHÇE ÜNİVERSİTESİ ARASINDA AKADEMİK İŞ BİRLİĞİ PROTOKOLÜ İMZALANDI

Üniversitemiz ile Fenerbahçe Üniversitesi arasında sağlık ve spor bilimleri başta olmak üzere çeşitli alanlarda akademik iş birliği amacıyla 30 Aralık 2021 tarihinde bir protokol imzalandı.

Protokol için Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ile Fenerbahçe Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Mehmet Emin Arat bir araya geldi.

## СҰҚБАТ

режиссер Дәрежан ӨМІРБАЕВ:

## «КИНОНЫ ТЕАТРДАН БӨЛІП АЛУ КЕРЕК»

Жуырда әлемдегі үздік 15 кинофестивальдің қатарына кіретін Tokyo International Film Festival байқауында отандық «Ақын» фильмі қазылар алқасының көңілінен шығып, фильм режиссері Дәрежан Өмірбаев «Үздік режиссер» жүлдесін жеңіп алды. Дәрежан ағаны құттықтап, әңгімеге тартқан едік.

– Режиссердің бойында қандай қасиеттер болуы керек? Болашақ режиссерлерге қандай кеңес бересіз?



– Ең бастысы, сурет өнерін жақсы көруі қажет. Кішкентай кезінен сурет салып, қолмен салған суретті де, фото суретті де, архитектураны, мүсін өнерін, басқа суретшілердің суреттерін тамашалағанды ұнатуы керек. Себебі кино деген – сөздің өнері емес, көздің өнері. Сондықтан сөзінен гөрі көзі жақсы жұмыс істеуі керек. Аз сөйлейтін, бірақ көп нәрсені байқайтын адамнан кинорежиссер шығуы мүмкін. Театр режиссері туралы емес, тек қана кино режиссері жайлы айтып отырмын. Режиссер деген аспаннан түсе қалмайды, бойында титтей болса да таланты болуы тиіс. Ол жеті атадан келетін нәрсе ғой. Бірақ сонысы сөзден гөрі көзге жақын, суретшінің өнеріне бейім болуы керек.

– Түсірілім барысында тосын қиындықтарға тап болған кезіңіз болды ма?

– «Ақын» фильміне дайындалып жүргенде пандемия басталып, үш айға карантинге жауып тастады. Бізге соның көп көмегі тиді. Себебі сол кезде «Жігіттер» тобының әншісі Ердос Қанаевты тауып алдық. Оның алдында басқа бір жігітті түсіреміз деп жүргенбіз. Ол қаланың жігіті екен. Қазақ мектебінде оқыса да орысша ойланатыны көзінен көрініп тұрады. Сол үлкен кемшілік еді. Құдай

сақтап, локдаун кезінде Ердосты тауып алдық.

– Қателескен сәтіңіз болды ма? Оны қалай түзеттіңіз?

– «Ақын» фильмін түсіріп жатқан кезде үлкен қателік кеткен жоқ. Ал оның алдындағы фильмдерде қателіктер болған шығар. Бірақ олар ұмытылып кетті ғой.

– Алдағы уақытта қандай жоспарыңыз бар?

– Өзірше ешқандай жоспар жоқ. «Ақын» фильмін бітіргенімізге екі-үш-ақ ай болды. Есімізді енді жинап жатырмыз. Біраз демалу керек. Білмеймін, көреміз. Идея келсе, түсіреміз. Келмесе, осылай сұқбат беріп жүре береміз.

– Актер кәсіби болмай, рөлді беріліп ойнай алмай жатса, жағдайды қалай басқарасыз?

– Кәсіби актер дегеніміз – театрдың актеры. Меніңше, қазіргі кино өнеріне ең үлкен зиян келтіріп жатқан сол театр актерлары. Біз қазақтың киносын театрдан бөліп алмайынша, жаңа стильдер пайда болуы мүмкін емес. Баяғы, жауыр болған актерларды түсіре береді, түсіре береді. Сериалдарда да солар алдыңнан шығады. Тек қазақтың ғана емес, дүниежүзінің кино өнерін құртып бара жатқан осы кәсіби актерлар деп ойлаймын. Кинода кәсіби актерлар болмауы керек.

Киноға тірі адамдар түсуге тиіс. Ердос Қанаев сияқты, оның алдында «Студент» фильміне түскен Нұрлан Байтасов секілді «тірі адамдар» түсуі қажет. Сонда кино өзінің жолын табады. Қазір киноның ең үлкен мәселесі – театрдың шырмауынан құтыла алмай, театрдың ар жақ, бер жағында жүр. Сондықтан кәсіби актерларды киноға жолатпау керек. Оларды түсіргеннің өзінде актер ретінде емес, адам ретінде түсіру қажет. Сол актерлардың ішінде де рөлге, жазған сценарийдің персонажына келетін адамдар болуы мүмкін. Оларды алуға болады. Ішкі жандүниесін, болмысын шығарып, экраннан көрсете білу керек. Ал, негізінен нағыз кино өнерінде адам іздеу қажет. Ол актерлардың ішінен немесе жәй адамдардың ішінен табылуы бөлек әңгіме. Мен үшін экранда актерлардан гөрі тірі адамдар қызық. Кино өнері театрға, актерға ешқандай қатысы жоқ. Соны көрермен, жастар ақырындап түсіне бастауы керек. Қазақстанда бұндай нәрсені менен басқа ешкім айтып жүрген жоқ. Бірақ менің ойым – осы.

– Әңгімеңізге рақмет!

Гүлжан НИЯЗОВА,  
2-курс студенті

## ЕЛІМІЗДЕ ШЕТЕЛДІК ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ АШЫЛМАҚ

Елімізде Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдары ашылмақ. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің отырысында айтты. Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «Arizona» университетіне сенімгерлік басқаруға берілмек «Жоғары білімнің қолжетімділігі де көкейкесті мәселе болып қалуда. Елдің халық тығыз қоныстанған өңірлеріндегі жастарға арналған мақсатты гранттар бөлуге айрықша назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін ЖОО бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды. Жуықта Қазақстанда жетекші шетелдік жоғару оқу орындарының филиалдары ашу басталды. Жақын арада Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отыр», - деді Президент. Оның сөзіне қарағанда, 2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кем дегенде 5 филиалын ашу қажет. «Соның өзінде оның екеуі техникалық бағдарланған болуы керек. Қайталап айтамын, техникалық бағдарланған оқу орындарының филиалын елдің батысында ашу керек. Жалпы бәрімізге білім туралы көзқарасымызды өзгерту қажет. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмесе кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру қажет. Инженерлер мен өнеркәсіп өкілдерінің жаңа буынын өсіріп шығару қажет болып тұр», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚазАқпарат

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Медиа орталығы:

журналист

Эльмира АРТЫҚБАЕВА  
elmira\_artykbaeva@mail.ru

Фото маманы:  
Н.Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru